ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

РАДИАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
Стронций-90 және цезий-137
Тағам өнімдері
Сынамаларды іріктеу, талдау және гигиеналық бағалау

РАДИАЦИОННЫЙ КОНТРОЛЬ
Стронций-90 и цезий-137
Пищевые продукты
Отбор проб, анализ и гигиеническая оценка

ҚР СТ 1623 - 2007

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті

Астана

РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

РАДИАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Стронций-90 және цезий-137

Тағам өнімдері
Сынамаларды іріктеу, талдау және гигиеналық бағалау

ҚР СТ 1623 - 2007

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті**

Астана

РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 03 шілдедегі № 374 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2012 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

4 ӘНҰ № 5.05.009.2000 «Радиациялық бақылау. Стронций-90 және цезий-137. Тағам өнімдері. Сынамаларды іріктеу, талдау және гигиеналық бағалау» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Жалпы ережелер	2
5	Тағам өнімдері сынамаларын іріктеу тәртібі	4
6	Тағам өнімдерінің орташа сынамаларының мөлшерін іріктеу нормалары	5
7	Сүт және сүт өнімдерінің сынамаларын іріктеу	6
8	Ет және ет өнімдерінің сынамаларын іріктеу	9
9	Құс, жұмыртқа, жұмыртқа ұнтағы сынамаларын іріктеу	10
10	Балық және балық өнімдері сынамаларын іріктеу	11
11	Бал сынамаларын іріктеу	12
12	Мал майлары, маргарин және өсімдік майлары сынамаларын іріктеу	12
13	Мал ұшаларынан сүйектер сынамаларын іріктеу	13
14	Жеміс-көкөніс өнімдерінің сынамаларын іріктеу	13
15	Дара өнімдерді іріктеу	14
16	Арнайы балалар тағамының, мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушылардың емдік тағам өнімдерінің сынамаларын іріктеу	14
17	Орташа сынамаларды буып-түю және тасымалдау ережелері	15
18	Өлшеулерге сынамаларды дайындау	16
19	Радионуклидтердің белсенділігін өлшеу	16
20	Тағам өнімдерінің радиациялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау	17
	А қосымшасы. Үлгілерді іріктеу актісі	19
	Б қосымшасы. Зертханалық зерттеулер хаттамасы	20
	В қосымшасы. Стронций-90 бета-спектрометриялық анықтауға арналған сынамаларды концентрациялау әдістемесі	21
	Г қосымшасы. Библиография	24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

РАДИАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Стронций-90 және цезий-137
Тамақ өнімдері

Сынамаларды іріктеу, талдау және гигиеналық бағалау

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт сынамаларды іріктеуге, зертханалық сынақтар әдістеріне және тағам өнімдері мен азық-түлік шикізатының радиациялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарт тағам өнімдерінің радиациялық қауіпсіздігін бағалау үшін гигиеналық бақылау жүргізуге таралады.

Осы стандарт азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдеріне радиациялық бақылауды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта сілтемелер мынандай нормативтік құжаттарға пайдаланылды:

ҚР СТ 2.4 – 2000 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

ҚР СТ 2.18 – 2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау әдістемесі. Әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, тіркеу және қолдану тәртібі

ҚР СТ 2.21 – 2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақтарды жүргізу және өлшемдер тұрпатын бекіту тәртібі

ҚР СТ 2.30 – 2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі

МАҰ 43 – 2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. "Өлшем белгісіздігін өрнектеу бойынша нұсқаулықты" қолдану

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Тағам өнімдері:** табиғи немесе қайта өңделген түрінде адаммен тамаққа пайдаланылатын өнім.

3.2 **Топтама:** бір мезгілде тапсыруға, тиеуге, сатуға арналған немесе бір ыдыста сақталатын, біртекті ыдысқа өлшемдеп буылған, бір атаулы біртекті азық-түлік пен тағам өнімінің сенімді сәйкестендірілген мөлшері.

3.3 **Тасымалдау (қаптама) ыдысы:** дербес тасымалдау бірлігін құратын (фляг, жәшік, бөшке, цистерна және т.б) өнімді орналастыруға арналған қаптама.

3.4 **Тұтыну ыдысы:** дербес тасымалдау бірлігі (бөтелке, қалбыр, десте, тостаған, текше және т.б) болып табылмайтын тұтынушыға түсетін өнімді орналастыруға арналған қаптама.

Ресми басылым

3.5 **Сәйкестік көрсеткіші:** стронций-90 және цезий-137мен негізделген радиациялық фактор бойынша тағам өнімдерінің жарамдылығын анықтайтын есептік салыстырмалы шама.

3.6 **Өнім бірлігі:** белгіленген тәртіпте анықталған дара немесе дара емес өнім (бөшкедегі, жәшіктегі, қалбырдағы, флягтағы, цистернадағы және т.б. ыдыстағы өнім салмағы).

3.7 **Іріктеме:** топтамадан бақылау үшін іріктелген өнім бірлігінің жиынтығы.

3.8 **Іріктеме көлемі:** іріктеме құрастыратын өніммен тасымалдау және тұтыну ыдысы бірліктерінің саны.

3.9 **Нүктелік сынама:** біріктірілген сынаманы құрастыруға арналған осы топтама өнімдерінен бір қабылдауда бір жерден іріктелген өнімнің ең аз мөлшері.

3.10 **Біріктірілген сынама:** зерттеу жүргізуге арналған нүктелік сынамалар жиынтығы.

3.11 **Орташа сынама:** зерттеу жүргізуге арналған біріктірілген сынамалар бөлігі.

3.12 **Есептік үлгі:** белгіленген әдістемеге сәйкес нүктелік немесе біріктірілген (орташа) сынамадан алынған және өлшеулерді орындаудың регламенттелген әдістемесіне сәйкес радиометриялық қондырғыда оның радиациялық параметрлерін өлшеуге арналған заттардың белгілі мөлшері.

3.13 **Радионуклидтер белсенділігі:** осы уақыт аралығына dt уақыт аралығында болатын осы радионуклид ядроларының өздігінен айналған dN санының қатынасы:

$$A = dN/dt$$

3.14 **Белсенділік бірлігі:** беккерель (Бк/сек) секундына бір ядролық айналым.

3.15 **Радионуклидтің меншікті (көлемдік) белсенділігі:** үлгі салмағына (көлеміне) -Бк/кг (л) радиобелсенді үлгідегі радионуклид белсенділігінің қатынасы.

3.16 **Радиометриялық қондырғы:** есептік үлгіде радионуклидтердің белсенділігін (меншікті белсенділігін) өлшеуге арналған техникалық құрал (радиометр, спектрометр).

3.17 **Ең аз өлшенетін белсенділік, $A_{мин}$:** есептік үлгінің белсенділігі, оны өлшеу кезінде осы радиометриялық қондырғыда бір сағат уақытта салыстырмалы статистикалық қателік 50% (P=0,95) тұрады.

3.18 **Жылдық тиімді (немесе баламалы) мөлшер шегі:** қалыпты жұмыс жағдайларынан аспайтын техногендік сәулеленудің жылдық тиімді (немесе) баламалы мөлшерінің шамасы.

3.19 **Бақылау деңгейі:** радиациялық бақылау үшін уәкілетті органдармен белгіленген бақыланатын шамалардың сандық мәні (радиобелсенді кірленудің мөлшерлері, мөлшерлер қуаттылығы және т.б.), радиациялық қауіпсіздіктің жетілген деңгейінің бекітпелері, персоналды және халықты сәулелендіруді, қоршаған ортаны радиобелсенді ластануын бұдан әрі төмендетуді қамтамасыз ету,.

3.20 **Радиациялық бақылау:** белгіленген негізгі мөлшерлік шектер мен бақылау деңгейлері асуын қоса алғанда, радиациялық қауіпсіздік принциптерін және нормативтер талаптарын сақтау дәрежесін анықтау үшін орындалған радиациялық өлшеулер (сынаулар).

4 Жалпы ережелер

4.1 Осы стандарт нақты өнім түрлерінде цезий-137 мен стронций-90 рауалы құрамы болуына белгіленген гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау үшін тағам өнімдерінің радиациялық бақылау мәселелерін қарастырады.

Нормативтер тағам өнімдеріне қойылатын бірыңғай медицина-биологиялық талаптар "Азық-түлік шикізаттар мен тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын гигиеналық талаптар" (СанЕжН 4.01.071.03) [1] қамтылған.

4.2 Тағам өнімдерінде радионуклидтердің меншікті белсенділігінің рұқсат етілетін деңгейлерін әзірлеу кезінде мына ережелер негізге алынды:

- техногендік көздерден халық сәулеленуінің жылдық тиімді мөлшері 1 $м^3$в/жыл. аспау керек. Аз тұтынылатын тағам өнімдері (салмағы бойынша) есебінен мөлшері 1 $м^3$в/жыл мөлшер тысында болады және 10% (0,1 мЗв/жыл) аспау керек.
- тамақпен бірге радионуклидтер түсуінің тиісті шектері стронций-90 үшін – $3,6 \cdot 10^4$ Бк/жыл және 100 Бк/тәулік; цезий-137 үшін – $7,7 \cdot 10^4$ Бк/жыл және 210 Бк/тәулік тұрады.

4.3 Есептеу үшін Қазақстанның барлық әкімшілік ұйымдарына арналған салмағы 1860 г/тәулік бірыңғай үлесі қабылданды және осы уақытта стронций-90 мен цезий-137 тағам өнімдері кірленуінің нақты деңгейлері ескерілді.

4.4 Нормативтер меншіктік нысанына тәуелсіз Қазақстан Республикасы аумағында, оның ішінде өнеркәсіптік апаттар нәтижесінде ластанған аумақтарда өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізу мекемелерінде (кәсіпорындарда, ұйымдарда) отандық және шетелдік өндірістің тағам өнімдері үшін міндетті болып табылады.

4.5 Тағам өнімдерінің радиациялық бақылауы [5] және бекітілген "Тағам өнімдері мен азық-түлік шикізатына сертификаттау жүргізу ережелері" талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Тағам өнімдерінің радиациялық бақылауы экспорттық-импорттық операцияларда отандық өнімдер ережелері бойынша жүзеге асырылады.

4.6 Тағам өнімдерінің радиациялық бақылауын жүргізу кезінде мынадай негізгі рәсімдер орындалады:

а) тағам өнімдері топтамаларынан сынамаларды іріктеу;

б) есептік үлгілерді дайындау;

в) есептік үлгілерде стронций-90 мен цезий-137 белсенділігін өлшеу;

г) өлшеу нәтижелерін және өлшеу нәтижелері қателіктерін есептеу;

д) радиациялық қауіпсіздік критерийлері бойынша тағам өнімдерін гигиеналық бақылау.

4.7 Радиациялық сынауларға тағам өнімдерінің сынамаларын іріктеу осы стандарттың 5 бөлімінде белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

4.8 Тағам өнімдерінің сынамаларында стронций-90 мен цезий-137 меншікті белсенділігін анықтау үшін өлшеулерге сынамаларды алғашқы дайындаудың жалпы ережелері, есептік үлгілерді дайындау әдістемелері және өлшеулерді орындаудың негізгі әдістемелері белгіленеді.

4.9 Тиісті өлшеу қондырғыларында стронций-90 мен цезий-137 белсенділігін өлшеуді орындау әдістемелері белгіленген тәртіпте бекітілуге және ҚР СТ 2.18 сәйкес метрологиялық аттестаттауға жатады.

4.10 Өлшеу қондырғыларының метрологиялық сипаттамалары ҚР СТ 2.4 сәйкес тексеру жолымен және ҚР СТ 2.4 сәйкес ҚР МөЖ тізіліміне енгізіледі.

4.11 Сынамалардағы радионуклидтердің меншікті (көлемдік) белсенділігін өлшеу нәтижелері өлшенген параметрдің сандық мәнін және параметрді анықтаудың сенімді (P=0,95) қателігін бағалау ісін қамтуы тиіс.

Тіркелген сынау зертханаларында өлшеулерді жүргізу кезінде МАҰ 43 сәйкес өлшеу белгісіздігіне бағалау жүргізілуі тиіс.

Тағам өнімдерін гигиеналық бағалау сәйкестік көрсеткішін пайдаланып өлшеу нәтижелері бойынша жүргізіледі.

4.12 Тағам өнімдеріне радиациялық бақылауды жүзеге асыратын қызметші тағам өнімдерін сынау жөніндегі құқықтық және нормативтік құжаттармен, іріктеу және өлшеу жүргізу ережелерімен танысу мақсатында тиісті оқудан өтуі керек.

4.13 Құрамында радионуклидтер болуына тағам өнімдеріне сынау жүргізетін ұйымдардың

белгіленген тәртіпте техникалық құзыреттілігі және тәуелсіздігі аккредиттелуі тиіс.

5 Тағам өнімдері сынамаларын іріктеу тәртібі

5.1 Сынамаларды іріктеу оңтайлы уақыт және құралдар шығынында зерттелген өнім топтамасын толық және сенімді сипаттайтын сынамалардың өкілділігін қамтамасыз етуге тартылған тағам өнімдерінің радиациялық бақылауының бастапқы кезеңі болып табылады.

5.2 Стронций-90 мен цезий-137 құрамын сынау үшін тағам өнімдерінің топтамасынан сынамаларды іріктеу алдында іздеу дозиметриялық құралдар көмегімен (СРП-68, СРП-88, ДКС-96П, ДРБП-03, МКС-07) гамма-сәулелендіру мөлшері қуаттылығы бойынша дозиметриялық бақылауды орындаған дұрыс.

Ескертпе – Осы құралдар ҚР СТ 2.21 сәйкес олардың тұрпатын бекіту нәтижесі немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес олардың метрологиялық аттестаттауы бойынша мемлекеттік тізілімге енгізуден кейін қолданылуы мүмкін.

5.2.1 Іздеу құралдарымен топтама мөлшері қуаттылығының фондық деңгейі жоғарылауын табудан кейін олардың көрсеткіштерін ДРГ-01-Т, ДКГ-02У "Арбитр-М", ДКГ-03Д "Грач" және т.с.с. дәл дозиметрлермен анықтау қажет.

5.2.2 Егер топтаманың алдын ала дозиметриялық бақылау нәтижелерінде гамма-сәулелендіру мөлшері қуаттылығының фондық деңгейі жоғарылауы белгіленсе, онда бұл факт сынамаларды іріктеу актісінде белгіленуі тиіс және зерттеу алдында сәулелендіру көздерін бағалау қажет.

Тағам өнімдерінің ірі топтамаларын радиациялық бақылау кезінде (таразылы өнімнің 20 т жоғары және дара өнімнің 50000 данасы) топтама біркелкілігін анықтау және гамма-сәулеленудің ең жоғары деңгейімен мүмкін болатын жергілікті телімдерді табу үшін сәулелену гамма-сәулеленудің баламалы мөлшерінің қуаттылықты өлшеудің 10 кем емес жүргізеді және топтамадан МЭД-тің орташа мәні анықталады.

Топтама радиобелсенді кірлену деңгейі бойынша біркелкі деп саналады, егер нүктедегі гамма-сәулелену қуаттылығының барынша мәні орташа мәннен 3 реттен көп емес айырмашылығы болса.

Топтаманың біркелкі емес бөлігі, гамма – фон деңгейі орташадан 3 реттен көп асады, жеке топта ұстайды және жеке өнім топтамасы ретінде зерттейді.

Өлшеулерді қолданылатын құралды пайдалану нұсқаулығына сәйкес жүргізеді.

5.3 Тағам өнімдері сынамаларын іріктеу тәртібі: радиациялық факторы бойынша біркелкі топтаманы бөлуді, радиациялық бақылау жүргізуге қажетті орташа сынамалардың санын анықтауды, нүктелік сынамаларды іріктеуді, біріктірілген сынаманы құрастыруды және зертханалық сынауларға түсетін орташа сынаманы қалыптастыруды қамтиды.

5.3.1 Өнімдердің нүктелік сынамаларының шамасы және олардың мөлшері біріктірілген сынаманың талап етілетін шамасына байланысты; ұсақ тұтыну ыдысына өлшеп салынған кезінде (бөтелкелер, пакеттер, будалар ж.т.б) бұл қамтаманы нүктелік сынама ретінде қарайды.

5.3.2 Нүктелік сынамалардан бір ыдысқа оларды салып және араластырып біріктірілген сынаманы құрастырады. Біріктірілген сынаманың салмағы (көлемі) орташа сынаманы қалыптастыруға жеткілікті болу тиіс, бірақ оның үш мәртелік санынан көп емес. Біріктірілген сынаманың мөлшері топтама шамасына байланысты болады.

5.4 Зертханалық зерттеулерді жүргізу үшін өнімнің біріктірілген сынамасынан барлық топтаманың радиобелсенді кірленуін сипаттайтын оның бөлігін - орташа сынамасын алады. Стронций-90 мен цезийдің-137 меншікті белсенділігін анықтау үшін зертханалық сынауларға түсетін орташа сынаманың көлемі (салмағы) тағам өнімдеріндегі

радионуклидтердің рауалы белсенділік деңгейін, оларда радионуклидтер құрамының болжалданған деңгейі мен өлшеулерді орындаудың пайдаланылатын әдістемелерін есепке алып белгіленген және осы стандартпен және сынаулар әдістерінің нормативтік құжаттары бойынша реттеледі.

5.5 Қатты және сусымалы объектілердің орташа сынамасын іріктеу ширектеу әдісімен, сұйықтар – мұқият араластырылғаннан кейін жүргізіледі.

5.6 Орташа сынаманың шамасы бір радиациялық зерттеудерді жүргізу үшін жеткілікті болуы тиіс.

5.7 Зерттеулерге іріктелген орташа сынамалардың мөлшері осы немесе басқа объектінің топтама шамасына байланысты. Оларды іріктеу кезінде осы стандарттың 6 бөлімінде келтірілген нормалар басшылыққа алынады, егер басқасы жеке келісілмеген болса.

Осы стандартта аталмаған тағам өнімдерінің сынамаларын іріктеу тәртібі төменде сипатталғанға ұқсас.

6 Тағам өнімдерінің орташа сынамаларының мөлшерін іріктеу нормалары

6.1 Зерттеуге іріктелген орташа сынамалардың мөлшері сол немесе басқа объектінің шамасына (салмағына, көлеміне) байланысты болады. Сынамаларды іріктеу белгіленген нормаларға сәйкес жүргізеді (1- 3 кестелер).

1- кесте - Өлшеніп салынатын тағам өнімдерінің орташа сынамаларының мөлшерін іріктеу нормалары

Топтама салмағы, т	0,5-ке дейін	0,51-3,0	3,1-5,0	5,1-10,0	10,1-15,0	15,1-20,0
Зерттеуге іріктелген орташа сынамалардың саны	1	2	3	5	8	10

Тағам өнімдерінің ірі топтамаларынан сынамаларды іріктеу (20 т жоғары) оларды өндіру, қоймалау, сақтау ж.т.б. жерлерде жүргізіледі.

2-кесте - Тағам өнімдерінің ірі топтамаларындағы сынамаларды іріктеу нормалары

№ т/т	Топтама салмағы, т	Зерттеуге іріктелген сынамалар саны
1	20,1-50,0	11
2	50,1-80,0	12
3	80,1-100,0	13
4	100,1-500,0	14
5	500,1-1000,0	15
6	1000,0-нан жоғары	әр 1000,0 – 1сынама

Дара өнімдердің сынамаларын іріктеу 3 кестеге сәйкес жүргізіледі

3- кесте – Дара өнімдердің сынамаларын іріктеу нормалары (нан, нан өнімдері және тәтті тағамдар, жұмыртқа, балқытылған сырлар, консервілер, жеміс сулары, шырындар, джемдер ж.т.б.)

Топтама-дағы саны, дана	1000 дейін	1001-3000	3001-5000	5001-10000	10001-20000	20001-50000	50000 жоғары
Зерттеулер саны	1%, бірақ 5 данадан кем емес	0,7%, бірақ 11 данадан кем емес	0,6%, бірақ 22 данадан кем емес	0,5%, бірақ 32 данадан кем емес	0,4%, бірақ 51 данадан кем емес	0,3%, бірақ 81 данадан кем емес	Әр 10000-ға қосымша 5 дана

Әр толық немесе толық емес 10000 данаға 50000 жоғары қосымша 15 дана іріктейді.

6.2 Шаршы әдісімен алынатын дара өнімдердің нүктелі сынамаларының көлемі (салмағы) орташа сынаманы қалыптастыру үшін жеткілікті болуы, бірақ оның үш есе мөлшерінен жоғары болмау тиіс.

Орташа сынамалардың мөлшері: 1-топтамадан 500 данаға дейін, 2- топтамадан 501-1000 дана, 50000 данаға дейін топтама үшін 3 кем емес және 50000 данадан жоғары топтама үшін 5 кем емес.

7 Сүт және сүт өнімдерінің сынамаларын іріктеу

7.1 Сүт

Сынамаларды іріктеу алдында цистерналардағы, флягтардағы және басқа да ыдыстардағы сүтті мұқият араластыру керек. Мұқият араластырған соң әр ыдыстан бірдей мөлшерде нүктелік сынамаларды іріктейді (бірақ үштен кем емес). Нүктелік сынамалардың көлемі 0,1 – 0,5 л болу керек.

Флягтардағы сүтті шығару кезінде іріктемеге жалпы мөлшерден 5% флягты қосады, бірақ үштен кем емес.

Тұтыну ыдысына өлшемдеп буылған сүт сынамаларын іріктеу кезінде (бөтелкелер, пакеттер) нүктелік сынамалар осы қаптамалар болып табылады. Нүктелік сынамалар ретінде бөтелкелерге, бумаларға, орамдарға өлшемдеп буылған сүт өнімдерінен нүктелік сынамалар ретінде қаптама бірліктерінің мына мөлшері іріктеледі:

- топтамадан 100 бірлікке дейін – 2 қаптама;
- 101-ден 200 бірлікке дейін – 3 қаптама;
- 201-ден 500 бірлікке дейін – 4 қаптама;
- 501-ден 1000 бірлікке дейін – 5 қаптама.

Нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы қалыптастырады және зертханалық сынауларға түсетін орташа сынаманы іріктейді. Сүттің орташа сынамасының көлемі 2,0 л кем емес.

7.2 Кілегей, ашытылған өнімдер, балмұздақ

Іріктемеге енгізілген флягтардан және басқа ыдыстардан алынған кілегейлердің, сұйық ашытылған өнімдердің (айран, майлы айран, ұйыған сүт ж.т.б.), балмұздақтың ж.т.б. нүктелік сынамаларын өнімді мұқият араластырған соң сынама іріктеушімен немесе қармауышпен іріктейді. Біріктірілген сынаманы қалыптастырады, 20 ^{0}С температураға дейін жылытады және орташа сынаманы іріктейді. Іріктеу нормалары сүт сынамаларын іріктеу процесіне ұқсас (7.1 т.).

Бөтелкелерге, будаларға, пакеттерге өлшемдеп буылған сүт өнімдерінен, нүктелік

сынамалар ретінде 7.1 т. бойынша қаптама бірліктерін іріктейді, бірақ 1,0 л кем емес.

Іріктелген сынамалардан біріктірілген немесе орташа сынаманы қалыптастырады. Орташа сынаманың көлемі 1,0 л кем емес.

7.3 Қаймақ

Ірі ыдысқа өлшемдеп буылған қаймақтан іріктемеге іріктейді және қаптама бірліктерінің барлық мөлшерінен 10% ашады. 10 қаптама бірліктерінен кем болса, тек біреуін ғана ашады. Ыдысты ашқан соң қаймақты былғағышпен араластырады. Нүктелік сынаманың көлемі 0,05-0,1 л. Нүктелік сынамаларды біріктірілген сынаманы қалыптастырып бір таза ыдыста біріктіреді. Орташа сынаманы алу алдында қаймақты мұқият араластырады, ал егер оның қойыртпағы қою болса, онда оны алдын ала су моншасында 30-35 ^{0}С дейін жылытады, одан кейін 20 ^{0}С дейін салқындатады. Тұтыну ыдысында өлшемдеп буылған өнім сынамасын 7.1 тармақ бойынша жүргізеді. Орташа сынама көлемі 1,0 кг кем емес.

7.4 Ірімшік (ірімшік қоспасы)

Ірі ыдысқа буып-түйілген ірімшіктен және ірімшік қоспасынан қаптаманың жалпы мөлшерінен 10% іріктеме жүргізеді. Әр ашылған қаптамадан үш нүктелік сынамаларды іріктейді: біреуін ортасынан, басқа екеуін – ыдыстың бүйір қабырғасынан 3-5 см қашықтықта. Нүктелік сынамалардың көлемі – 0,05- 0,1 кг.

Нүктелік сынамаларды таза құрғақ ыдысқа аударады, араластырады және біріктірілген сынамадан орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынама көлемі 1,0 кг кем емес.

Тұтыну ыдысына өлшемдеп буылған ірімшік пен ірімшік тағамдары сынамаларын іріктеу кезінде (будаларды, пакеттерді, тубаларды) іріктеме көлемін 3 немесе 4 кестеге сәйкес жүргізеді.

4-кесте

Топтамадағы қаптама бірліктерінің саны, дана	Іріктемедегі өнім қаптамасының саны, дана
50 дейін	2
51-ден 100 дейін	3
101-ден 200 дейін	4
201-ден 300 дейін	5
301-ден және көп	6

Бұл жағдайда нүктелік сынама ретінде ұсақ қаптамадағы өнімдер болып табылады. Әр қаптамадан біріктірілген және орташа сынамаларды қалыптастыру үшін қажетті мөлшерде нүктелік сынамаларды іріктейді.

Ірімшіктің іріктеп біріктірілген сынамасынан біркелкі консистенцияны алу үшін мұқият араластырады, салмағы 1,0 кг кем емес орташа сынаманы іріктейді.

7.5 Сүт консервілері

Сынамаларды іріктеу алдында қоюлатылған сүт консервілерін араластырады. Егер қанты бар қоюлатылған сүт консервілері бар қалбыр түбінде тұнба табылса, онда қалбырды 28 ^{0}С дейін жылытады және біркелкі салмаққа дейін араластырады.

Бақыланатын орындар ретінде (іріктеме) қаптама бірліктерінің барлық мөлшерінен 3% іріктейді және ашады (бөшкелер, барабандар ж.т.б.), бірақ екі бірліктен кем емес. Нүктелік сынамаларды іріктеуді және іріктемеге енгізілген цистерналардағы,

бөшкелердегі, флягтардағы қоюлатылған сүт өнімдерінің біріктірілген сынамасын құрастыруды сүт сияқты жүргізеді. Нүктелік сынамаларды әр жерінен іріктейді. Орташа сынаманың салмағы 1,0 кг кем емес.

Жәшікке буып-түйілген ұсақ немесе ірі қаңылтыр және пластик ыдысқа сүт консервілерін бөлшектеп өлшемдеу кезінде іріктемеге жәшіктердің 3% қосады, бірақ үштен кем емес. Іріктемеден ірі қаңылтыр қалбырға өлшемдеп буу кезінде барлық қалбырлардан 5% іріктейді, бірақ бірден кем емес. Шағын ыдысқа (қалбырға, тубаларға, қораптарға ж.т.б.) – іріктемеге енгізілген әр бақылау жерінен 4 дана. Орташа сынама салмағы 1,0 кг кем емес.

7.6 Құрғақ сүт өнімдері

Ірі ыдыстардан құрғақ сүт өнімдерінің нүктелік сынамаларын іріктеу (құрғақ сүт, құрғақ кілегей және басқалар) толтырылған ыдыстың түрлі тереңдігінен түрлі жерлерінен астық өнімдеріне арналған қармауышпен жүргізеді. Біріктірілген сынамалар салмағы – 1,0 кг кем емес. Орташа сынаманы ширектеу әдісімен өнімді мұқият араластырудан кейін қалыптастырады. Орташа сынаманың салмағы 0,6 кг кем емес.

Ұсақ ыдысқа өлшемдеп буылған өнімнің орташа үлгілерін құрастыру және сынамаларын іріктеу қоюлатылған сүт консервілерінің сынамаларын іріктеу сияқты жүргізіледі. Орташа сынаманың шамасы 0,6 кг кем емес.

7.7 Сиыр майы

Май сынамаларын іріктеу үшін (барлық түрлі сары май, қорытылған сары май, созылмалы кілегей) іріктемеге барлық қаптама бірліктері мөлшерінің 3% іріктейді және ашады, бірақ екіден кем емес. Нүктелік сынамаларды 38 ^{0}С дейін жылытылған қармауышпен іріктейді. Өнімі бар тасымалдау ыдысының әр бірлігінен қармауышпен алынған май таяқшасынан біріктірілген сынаманы құрастыру үшін әрбірінің салмағы 50 г шамасында майдың нүктелік сынамаларын пышақпен іріктейді.

Өлшемдеп буылған май қаптамасының әр ашылған бірлігінен май текшесінің 3% іріктейді. Салмағы 50-100 г шамасында майдың нүктелік сынамасын әр текшеден пышақпен сүртеді. Майдың біріктірілген сынамасын 30 ^{0}С температурада су моншасына салады, тұрақты араластыру кезінде сынаманы жұмсартылған салмаққа дейін жылытады және зертханалық сынауларды жүргізу үшін орташа сынаманы бөледі. Орташа сынама салмағы 0,5 кг кем емес.

7.8 Сырлар

Топтамадан бақылау орындары ретінде сырлардың қатты, жұмсақ және басқа түрлерін іріктеу үшін 5-кестеде көрсетілген тасымалдау қаптамасы бірліктерінің санын іріктейді және ашады.

5-кесте – **Сырлардың тасымалдау қаптамасын іріктеу нормалары**

Қаптама бірліктерінің саны	Іріктелетін бірліктер саны	Қаптама бірліктерінің саны	Іріктелген бірліктер саны
До 5	1	41-60	5
6-15	2	61-80	6
16-25	3	86-100	7
26-40	4	101 және одан көп	5%, бірақ 7 бірл. кем емес

Қатты, жұмсақ, тұздалған сырлар, тұзсүзбелер мен басқалардың тасымалдау қаптамасы бірліктерінің іріктемесіне енгізілгеннің әрқайсысынан радиологиялық зерттеулерге арналған нүктемелік сынамаларды алатын бір дөңгелегін, бір басын немесе бір білеушені іріктейді. Нүктелік сынамаларды сыр қармауышымен іріктейді, ал ол

болмағанда бір білеушені (басын) 4 бөлікке пышақпен кесіп және әр төртіншісінен қажетті мөлшерде сынамаларды іріктейді. Нүктелік сынамалардың көлемі 0,05-0,1 кг.

Бақыланатын орындар ретінде үлкен ыдысқа бөлшектеп өлшенген балқытылған қаптама бірлігінің барлық мөлшерінен 10% іріктейді және ашады, әр бақыланатын бірліктен біріктірілген сынама шамасына байланысты сырдың 3-5 текшеден немесе шұжық сырының бір батонын алады.

Сырлардың барлық түрлерінің нүктелік сынамаларын мұқият үккіштен өткізеді, орташа сынаманы бөлетін біріктірілген сынаманы құрастырып, араластырады. Орташа сынаманың шамасы 0,6 кг кем болмау керек.

7.9 Сүт қанты, тамақ казеині. Сынамаларды іріктеу кезінде іріктемеге топтамадан 6-кестеде көрсетілген қаптама бірлігінің санын іріктейді және ашады.

6-кесте – Сүт қантының және казеиннің бақылау қаптамаларын іріктеу нормалары

Топтамадағы тасымалдау қаптамаларының саны	10 дейін	11-20	21-40	41-60	60 жоғары
Іріктелген қаптама саны	1	25%	20%	15%	10% (7 кем емес)

7.6 тармақта көрсетілген тәсілмен сипатталған әр бақыланатын қаптама бірлігінен зертханалық сынауларға өнім сынамасын іріктейді. Орташа сынаманың шамасы 1,0 кг кем емес.

8 Ет және ет өнімдерінің сынамаларын іріктеу

8.1 Халыққа сатуға арналған ауыл шаруашылығы малының еттері (сиыр, қой, шошқа), ішкі органдарының сынамаларын іріктеу ет комбинаттарында, тоңазытқыштарда және өнімнің сатылу жерлерінде жүргізіледі. Жабайы жануарлар мен бұғы еттері өнімнің сатылу жерлерінде (базалар, дүкендер және т.б.) іріктеледі. Ет комбинаттарында және тоңазытқыштарда әр біркелкі топтамадан іріктемеге 10% ірі қара малды, 5% қойлар мен шошқалардың ұшаларын және 2% мүздатылған және салқындатылған ет блоктары мен малдың ішек-қарынын, алайда үштен кем емес қосады.

8.2 Нүктелік сынамаларды іріктемеге енгізілген әр ет ұшаларынан немесе оның бөліктерінен салмағы 200 г кем емес тұтас кесекпен мына жерлерден іріктейді: 4-5 мойын омыртқаларына қарсы кесілген жерінен, жауырын жағында, сан және бұлшық еттердің жуан бөлігінің тілігінен іріктеледі. Салқындатылған және мұздатылған ет блоктары мен малдың ішек-қарыны үлгілерін, сондай-ақ (бауыр, бүйрек, көк бауыр, өкпе және басқалар) салмағы 0,2 кг кем емес тұтас кесектермен іріктейді.

8.3 Алынған нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы қалыптастырады. Біріктірілген сынама салмағы 2,0 кг кем емес. Орташа сынаманы құрастыру үшін (1,0 кг) етті мұқият араластырады, сол үшін оны пышақпен майда кесектерге (10-15 г) бөледі, немесе еттартқыш арқылы өткізеді. Өнімдердің аз меншікті белсенділігі немесе олардың аз мөлшерінде біріктірілген және орташа сынамалардың салмағы үйлесуі мүмкін.

8.4 Ет өнімдерінің, шала өнімдердің, ысталғандар мен шұжық өнімдерінің сынамаларын іріктеуді, барлық топтамадан 10% тұратын, бірақ екі бірліктен кем емес қаптама бірліктерінің (жәшіктер, қораптар ж.т.б.) іріктемелерінен жүргізеді. Көлемі 0,05-0,1 кг нүктелік сынамаларды ерікті іріктейді. Нүктелік сынамаларды араластырады және біріктірілген сынамалардан салмағы 1,0 кг кем емес орташа сынаманы алады.

8.5 Тұтыну ыдысына бөлшектеп өлшенген дара өнімнің сынамаларын іріктеу 5 бөлім бойынша жүргізіледі.

8.6 Үй қояндары еттерінің сынамаларын іріктеуді 9 (құс) бөлімге ұқсас жүргізеді, айырмашылығы тек әр тасымалдау бірлігінен үй қояндарының бірден аспайтын данасын іріктейді.

9 Құс, жұмыртқа, жұмыртқа ұнтағы сынамаларын іріктеу

9.1 Құс ұшаларын кездейсоқ іріктеу әдісімен сатуға ұсынылған топтамадан іріктейді. Сынамалар саны топтамадағы көлік қаптамасының бірлігі санына байланысты (7-кесте).

7 - кесте – Құс іріктемесінің көлемі

Топтамадағы тасымалдау қаптамасы бірліктерінің саны	Іріктелген тасымалдау қаптамасының саны	Іріктелген үлгілер мөлшері (жартылай ұшалар, ұшалар)	Іріктелген үлгілер мөлшері (ұшалардың төртінші бөлігі)
20 дейін	1	2	2
21-100	2	4	2
101-400	5	10	5
401-800	7	14	7
801-1500 және көп	10	20	10

Тауықтар сынамаларын жартылай ұшалармен және ұшалармен, қаздар мен күрке тауықтарды ұшалардың төртінші бөлігімен іріктейді. Фермада сынамаларды іріктеу кезінде іріктеме көлемі тауықтар, үйректер үшін үш ұшадан кем емес және қаздар мен үндіктер үшін үш жартылай ұшадан кем емес.

9.2 Тауық жұмыртқаларын зерттеу үшін топтамадан 8-кестеге сәйкес қаптама бірліктеріне (қораптарға) іріктеме жүргізеді.

8-кесте – Жұмыртқа іріктемелерінің көлемі

Топтамадағы тасымалдау қаптамалары бірліктерінің саны *	10 дейін	11-50	51-100	101-500	501 және көп
Іріктелген тасымалдау қаптамаларының саны	1	3	5	15	20
Зерттеулерге іріктелген жұмыртқалар саны	20	30	50	75	150
* стандартты тасымалдау қаптамасы –360 дана жұмыртқа сиятын қорап					

Жұмыртқаларды басқа ыдысқа буып-түю кезінде немесе дара өнім ретінде жұмыртқалар топтамасынан іріктеу кезінде іріктеу нормалары 5 бөлімде регламенттеледі.

9.3 Жұмыртқа ұнтағын тексеру кезінде топтамадан 9-кестеге сәйкес қаптама бірліктерінің іріктемесін іріктейді (қаптар, бөшкелер, жәшіктер және басқалар).

9-кесте – **Жұмыртқа ұнтағы іріктемесінің көлемі**

Топтамадағы тасымалдау қаптамасы бірліктерінің саны	1-5	6-50	51-100	101-200	201-300	300 жоғары
Іріктелген тасымалдау қаптамаларының саны	1	5	10	15	20	25

Іріктемеге іріктелген әр қаптама бірліктерінің түрлі жерінен қармауышпен тең мөлшерде алынған үш нүктелік сынамалардан кем емес іріктейді. Нүктелік сынамалардың салмағы 0,2 кг. Орташа сынаманың салмағы 1,0 кг кем емес.

10 Балық және балық өнімдері сынамаларын іріктеу

Балықтар сынамаларын кездейсоқ іріктеме әдісімен топтаманың әр жерінен 10- кестеге сәйкес іріктейді:

10-кесте – Балықтар мен балық өнімдерінің тасымалдау қаптамаларын іріктеу нормалары

Топтамадағы өнімі бар тасымалдау қаптамаларының саны, дана	Өнімі бар іріктелген тасымалдау қаптамаларының саны, дана
2-25	2
26-90	3
91-150	4
151-280	5
281-500	6
501-1200	8
1201-3200	13
3201-10000	20
10001 және көп	30

10.1 Балықтар сынамаларын кездейсоқ іріктеу әдісімен топтаманың әр жерінен іріктейді. Іріктемеге қаптаманың 10% енеді (бөшкелер, жәшіктер және басқа тасымалдау ыдысы). Өнімнің әр ашылған қаптамасының түрлі жерінен 3 нүктелік сынамаларды алады, олардан бұдан әрі қарай біріктірілген және орташа сынаманы қалыптастырады. Тірі, жаңа ауланған салқындатылған топтаманы бақылау үшін салмағы бойынша балықтың 1-2% іріктейді. Зерттеулерге балықтардың барлық түрлері жеке жатады.

10.2 Балықтардың ұсақ даналығынан нүктелік сынамаларды тұтас ұшалармен іріктейді: 6 балық бір данасының салмағы 0,1 ден 0,5 кг дейін; 3 балық дана салмағы 0,5 тен 1,0 кг дейін. Бір данасының салмағы 1 кг асатын болса үш балықтан басының қасынан, орташа және құйрықтың алдыңғы бөліктерінен сынаманы іріктейді. Біріктірілген сынаманың салмағы 1,0 кг кем емес. Орташа сынаманың шамасы 1,0 кг кем емес, қымбат балық үшін – 0,5 кг.

10.3 Балықты механикалық ластанудан және қабыршықтардан тазартады, мұздатылған балықты - 1^0С температураға дейін ерітеді. Салмағы 0,1 кг көп емес ұсақ балықтың орташа сынамасын бұзбай талдау үшін пайдаланылады, салмағы 0,1 ден 1,0 кг дейін балықты сүбеге бөледі, салмағы 1,0 кг көп балықты және теңіз сүтқоректілері еттерінің терісін және сүйегін алғаннан кейін ұзындығы 5 см көп немесе салмағы 0,2 кг көп емес кесектерге бөледі. Кептірілген және қақталған балық сынамаларын іріктеуді

ұқсас әдіспен жүргізеді.

10.4 Консервіленген балық өнімдерінің сынамаларын іріктеуді 15 бөлім бойынша жүргізеді.

11 Бал сынамаларын іріктеу

11.1 Табиғи балдың сынамаларын іріктер алдында әр топтамадан қаптама бірліктерінің іріктемесін құрастырады (11- кесте).

11-кесте – **Бал іріктемесінің көлемі**

Топтамадағы қаптама бірліктерінің саны	Іріктелген қаптама бірліктерінің саны	Топтамадағы қаптама бірліктерінің саны	Іріктелген қаптама бірліктерінің саны
3 дейін	1	41 – 60	6
4-20	3	61-80	8
21-30	4	81 және көп	10%
31-40	5		

Әр қаптамадан нүктелік сынамаларды іріктейді. Сұйық бал үлгілерін қаптаманың барлық тереңдігіне батырып, диаметрі 10-12 мм түтікті алюминий сынама іріктеуішімен алады; егер бал тығыз болса – түрлі қабаттан алынған майға арналған қармауышпен.

11.2 Кристалданған балды конусты қармауышпен, оны қисайтып балға батырып, іріктейді. Кәрезі жақтауы балын зерттеу кезінде бір кәрезі рамкадан ауданы 25 $см^2$ сота бөлігін кеседі. Егер кәрезі балы кесекті болса, сынаманы сол өлшемде әр қаптамадан іріктейді. Балауызды қақпақшаларды жойғаннан кейін үлгілерді тостақанға салынған ұя диаметрі 1 мм көп емес тор сүзгішке салады және термостатта 40-45^{0}С температурада жылытады. Нүктелік сынамалардың салмағы 0,05-0,1 кг.

11.3 Балдың барлық нүктелік сынамаларын біріктіреді, мұқият араластырады, кристалданған балды алдын ала 40-45^{0}С температураға дейін жылытады, содан кейін орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынаманың салмағы 1,0 кг кем емес.

12 Мал майлары, маргарин және өсімдік майлары сынамаларын іріктеу

12.1 өнімнің әр топтамасынан барлық топтаманың 7% тұратын қаптама бірліктері іріктемесін құрастырады (бөшкелер, жәшіктер және басқа тасымалдау ыдысы), бірақ үш қаптамадан кем емес.

12.2 Майлардың нүктелік сынамаларын қармауышпен қаптаманың барлық тереңдігіне іріктейді, бір ыдысқа салады, біріктірілген сынаманы құрастырады, 40-50 ^{0}С температураға дейін жылытады, мұқият араластырады және орташа сынаманы іріктейді.

12.3 Өсімдік майлардың нүктелік сынамаларын 5 бөлімге ұқсас іріктейді. Біріктірілген сынамадан салмағы 10 кг кем емес орташа сынаманы алады.

12.4 Сыйымдылығы 1,0 кг (л) көп емес тұтыну ыдысына (орама, қалбыр, бөтелке және т.б.) өлшемдеп буылған май, маргарин, өсімдік майы топтамасынан әр 100 данасынан өнімнің бір бірлігін іріктейді.

12.5 Араластырудан кейін қатты майлардың нүктелік сынамаларынан орташа сынаманы іріктейтін біріктірілген сынаманы қалыптастырады.

12.6 Сұйық өсімдік майлардың нүктелік сынамаларын біріктіреді және араластырудан кейін орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынама көлемі 1,0 кг (л) кем емес.

13 Мал ұшаларынан сүйектер сынамаларын іріктеу

13.1 Ет комбинаттарында және өнімді өткізу орындарында малдар ұшаларынан сүйектер сынамаларын іріктеу кезінде іріктемеге ірі қара малдың 10% ұшаларын (жартысын, ширегін) және қой мен шошқаның 5% ұшаларын (жартысын) қосады.

13.2 Жәшіктерде (қаптарда) тамақ сүйектерін тасымалдау кезінде іріктемеге қаптамалардың тасымалдау бірліктерінің 10% қосады. Сынамаларды іріктемеге кірген әр қаптаманың түрлі 3 қабатынан іріктейді.

13.3 Нүктелік сынамалар ретінде малдардың алдыңғы қабырғалары немесе малдың барлық сүйегінің орташаланған меншікті белсенділігін сенімді сипаттайтын мойын омыртқалары болады.

13.4 Біріктірілген сынаманы қалыптастыру процесінде сүйектердің нүктелік сынамаларын ұсақтайды, мұқият араластырады, одан кейін орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынама шамасы 1,0 кг кем емес .

14 Жеміс көкөніс өнімдерінің сынамаларын іріктеу

14.1 Қаптарға, жәшіктерге, табандықтарға және басқа ыдыстарға буып-түйілген топтамадан түбіржемістердің және түйнек жемістілердің (қызылша, картоп, сәбіз, пияз, ақжелкен және басқалар) сынамаларын іріктеу кезінде іріктемеге қаптаманың 2-5% (үштен кем емес) қосады. Әр бақылау қаптамасынан нүктелік сынамаларды түрлі қабаттардан (үстінен, ортасынан, астынан) топырақтан мұқият тазартып тұтас даналармен 5-10 данадан іріктейді.

Ыдысқа буып-түйілмеген түйнек - тамыржемістердің әр үйме (үйіндінің) түрлі қабаттарынан ені және ұзындығы бойынша тең қашықтықтан кейін периметр бойынша 10-15 сынамадан іріктейді. Нүктелік сынаманың шамасы 5-10 түйнектер. Олардың салмақтары тең болу керек. Нүктелік сынамаларды араластырады, біріктірілген сынамаларды қалыптастырады және салмағы 3,0 кг кем емес орташа сынаманы іріктейді.

14.2 Жемістер мен көкөністердің сынамаларын іріктеу (қызанақ, қияр, алма, алмұрт, баклажан және т.б.) 14.1 т. бойынша түбір жемістерді іріктеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Консервіленген өнімдерді іріктеуді 5 бөлім бойынша жүргізеді.

14.3 өсімдік шаруашылығы өнімдерінің аздаған топтамаларынан (жидектер, көк ж.т.б.) нүктелік сынамаларды 4-5 жерде іріктейді. Салмағы және көлемі бойынша біріктірілген сынама өлшеу үшін қажетті үш мәртелік мөлшерден аспау керек. Орташа сынаманың көлемі 1,0 кг кем емес.

Бақша дақылдарының, қырыққабаттың, асқабақтың және басқа ірі жемістердің сынамаларын іріктеу кезінде өнімнің әр бірлігі нүктелік сынама ретінде қаралады. Нүктелік сынамаларды 3-4 жерлерде кездейсоқ іріктеу әдісімен іріктейді. Біріктірілген сынаманы қалыптастырады, олардан салмағы 3,0 кг кем емес орташа сынаманы іріктейді.

14.4 Қаптағы ұн, жарма, макарон өнімдері, бұршақ тектес дақылдар, жаңғақтар, қант, кондитерлік өнімдердің және т.б. сынамаларын іріктеудің сынамалар көлемі топтамадағы қаптар мөлшеріне байланысты және өсімдік шаруашылығы сынамаларын іріктеу нормаларына сәйкес анықталады (12-кесте).

12- кесте – Қаптарға салынған ұндар, жармалар және басқа өнімдер іріктемесінің көлемі

Топтамалардағы қаптар мөлшері, дана	Іріктеме көлемі, дана
10 дейін	Әр екінші қаптан
11-100	5%+ 5 қаптан
100 және көп	25%+ 10 қаптан

Қорғау қаптарынан нүктелік сынамаларды қап қармауышымен іріктейді.

14.5 Қораптарға, жәшіктерге салынған өнімдердің сынамаларын іріктеу үшін іріктемеге 10-20%, алайда үштен кем болмайтын қаптама бірліктерін қосады. Нүктелік сынамаларды іріктеуді үш нүктеде ашылған ыдыста (үстінде, ортасынан және астында) жүргізеді. Нүктелік сынамалардың жалпы салмағы 1,0 кг кем емес. Нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы құрастырады, олардан мұқият араластырған соң ширектеу әдісімен орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынаманың көлемі 1,0 кг кем емес. Жаңғақтардың орташа сынамасының көлемі 0,6 кг кем емес. Тұтыну ыдысына өлшемдеп оралған өнімдердің сынамасын іріктеу 15 бөлім бойынша жүргізіледі.

15 Дара өнімдерді іріктеу

15.1 Консервіленген дара өнімдердің (консервілер, концентраттар, тұздалғандар, шырындар, сусындар, шараптар, коньяктар, ликер-арақ өнімдері ж.т.б.), бөтелкеге құйылған судың, тұтыну ыдысына өлшемдеп оралған (жармалар, ұн, макарон өнімдері, кондитерлік өнімдер, шай, кофе, дәмдеуіштер ж.т.б.) және тұтыну ыдысына буып-түйілмеген (нан, нан өнімдері және тәтті өнімдер) өнімдер сынамаларын іріктеу кезінде дара өнімдердің бірліктері нүктелік сынамалар болып табылады.

15.2 Іріктемеге сынамаларды іріктеу кезінде 6 бөлімге сәйкес (2 кесте) немесе қаптамалардың 3%, бірақ екіден кем емес қаптамалар мөлшерін қосады.

15.2.1 Әр қаптамадан дара өнімдердің салмағы 0,2-3,0 кг (л), бірақ 1,0 кг (л) кем емес қаптамада өнім мөлшерінен 10% және ұсақ дара өнімдердің салмағы 0,2-3,0 кг (л), бірақ 1,0 кг (л) кем емес 20 % іріктейді.

15.2.2 Тұтыну ыдысына буып-түйілмеген нан, май қоспа және тәтті өнімдерді топтамадан (науалардан, жәшіктерден, қаптардан ж.т.б.) дара өнім ретінде 5 бөлімге (2 кесте) сәйкес іріктейді.

15.2.3 Нан өнімдерін ұсақтап өлшемдеп орау кезінде (0,2 кг кем) топтамадан дара өнімдердің 20% іріктейді.

15.3 Нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы құрастырады, оларды мұқият араластырған соң орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынаманың салмағы 1,0 кг (л) кем емес.

15.3.1 Шайдың, кофенің, дәмдеуіштердің біріктірілген және орташа сынамасының салмағы 0,5 кг кем емес.

15.3.2 Цезий-137 мен стронций-90 рауалы деңгейлері – 8 Бк/л тұратынын есепке алып, бөтелкеге құйылған ауыз судың, өнеркәсіптік құйылған ас және минералды сулардың орташа сынамаларының салмағы (көлемі) 2 л кем болмауы тиіс.

16 Арнайы балалар тағамының, мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушылардың емдік тағам өнімдерінің сынамаларын іріктеу

16.1 Ірі ыдысқа сүт негізіндегі балалар тағамын (бейімделген қоспаларды, құрғақ және сұйық сүт өнімдерін) өлшемдеп буу кезінде бақылау орындары ретінде 3% қаптамаларды ашады, бірақ екіден кем емес. Майда ыдысқа өлшемдеп буылған өнімдерден – 5%, алайда үштен кем емес қаптамаларды ашады. Әр бақыланатын қаптамадан барлық дара өнімдердің 1% іріктейді, бірақ 1 қораптан (қалбырдан) кем емес. Нүктелік сынамалардан орташа сынаманы іріктейтін біріктірілген сынаманы қалыптастырады. Сұйық өнімнің орташа сынамасының салмағы 1,0 кг, құрғақ өнімнің – 0,6 кг.

16.2 Астық (жармалық) және жеміскөкөніс негізіндегі балалар тамағының

өнімдерінен сынамаларды іріктеу 16.1 т. бойынша жүргізіледі.

16.3 Ет және балық негізіндегі балалар тамағын өлшемдеп буу кезінде бақылау орындары ретінде 10 қаптаманы ашады, бірақ үштен кем емес. Әр бақыланатын қаптамадан барлық дара өнімдерден 10% іріктейді, бірақ өнімнің үш бірлігінен кем емес. Нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы іріктейді, олардан орташа сынаманы іріктейді. Орташа сынаманың салмағы 0,5-1,0 кг.

16.4 Арнайы емдік тамақтандыру өнімдерінен сынамаларын іріктеу 16.1-16.3 т.т. бойынша жүргізіледі.

16.5 Мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушыларды тамақтандыру өнімдерінің сынамаларын іріктеу әдеттегі тамақ өнімдері сынамаларын іріктеу кезінде сияқты жүргізіледі.

16.6 Ірі тұтыну ыдысына биологиялық белсенді қоспаны ББК өлшемдеп буу кезінде (0,3- 1.0 кг) іріктемеге 3%, бірақ екіден кем емес көлік қаптамасын қосады. Құрғақ ББҚ нүктелік сынамаларын іріктеу және орташа сынаманы қалыптастыруды 7.6 т. (құрғақ сүт өнімдері), сұйық 7.1 т.т. (сүт) бойынша жүргізіледі.

Бластерлер, қабықшалар, бұршақ кәмпит, флаконы бар қаптамалармен, бөтелкелермен, пакеттермен, текшелермен және т.б. қаптама түрінде тұтыну ыдысына ББҚ өлшемдеп буу кезінде, қаптамаларды дара өнім ретінде қарастырады. Топтамадағы нүктелік сынамалар ретінде дара өнімдердің 20% іріктейді. Нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы құрастырады, олардан мұқият араластырған соң орташа сынаманы дайындайды. Құрғақ ББҚ үшін біріктірілген және орташа сынаманың салмағы 0,5 кг кем емес, сұйықтар үшін - 1.0 л кем емес.

17 Орташа сынамаларды буып-түю және тасымалдау ережелері

17.1 Зерттеуге іріктелген сұйық сынамаларды (сүт, сүт өнімдері, су және басқалар) герметикалық жабылатын құрғақ таза шыны немесе полиэтилен ыдысқа (бұралатын тығыны бар қалбырлар, бөтелкелер, флакондар) салады. Қажет болса, тез бұзылатын сынамаларды (сүт, сүт өнімдері ж.т.б.) формалиннің 40% - ерітіндісімен (1-2 мл/л) консервілейді.

17.2 Түбіржемістер, түйнек жемістілер, көкөністер, жемістер, бақша дақылдары ж.т.б. қос қабырғалы полиэтилен немесе қағаз қаптарға салынады және байланады.

Сусымалы сынамаларды (ұн, жарма, макарон өнімдері ж.т.б.) тығыз полиэтиленнен жасалған қапқа салады және байлайды.

17.3 Құрамында ылғалы көп сынамаларды (көк, жидектер және басқаларды) тікелей іріктеуден кейін өлшейді, тығыз полиэтиленнен жасалған қапқа буып-түйеді және байлайды.

17.4 Ет, малдың ішек қарыны, сүйектер, балықтар, құстар ж.т.б. сынамаларын буып-түю алдында бұзылудан аулақ болу үшін формалиннің 4-5%-ерітіндісімен суланған бірнеше қабат дәкеге орайды, тығыз полиэтиленнен жасалған қаптарға салады және байлайды.

17.5 Шыны, полиэтилен ыдысты, қаптарды пергамент қағазбен орайды, кендр жіппен байлайды және мөр басады. Әр сынаманы заттаңбамен жабдықтайды, оларда сынаманың нөмірі мен атын, іріктеу күні мен орнын, оның салмағын, гамма-сәулелендіру мөлшерінің қуаттылығын және өнім сақталатын бөлмедегі гамма-фонды көрсетеді; кептіру жағдайында құрғақ және кептірілген сынаманы көрсетеді. Заттаңбаны (тізімдеме) целлофанға (полиэтиленге) орайды және сынамамен бірге буып-түйеді.

17.6 Сынамалардың буып-түйілген үлгілерін арнайы жәшікке салады, жіберілетін материалдың тұтастығын қамтамасыз ететіндей қағазбен немесе мақтамен қайта салады. Жәшікке мөр басады.

17.7 Іріктелген сынамаларға 2 данада жолдама құжатты (сынамаларды іріктеу актісін) құрастырады (А қосымшасы).

Бір дананы және сынама тізімдемесін зерттеуге жіберілген сынамалармен бірге буып-түйеді. Актінің екінші данасы сынамаға іріктеу жүргізілетін кәсіпорында, сауда мекемесінде ж.т.б. қалады.

17.8 Зерттеу зертханасында алынған сынамалар белгіленген пішінде арнайы журналда тіркеледі.

18 Өлшеулерге сынамаларды дайындау

18.1 Сынамаларды өлшеулерге алғаш рет дайындау тамақты дайындаудың бірінші кезеңінде тамақ өнімдерінің әдеттегі өңдеуін және сынаманы жақсы орташаландыру және өлшеуіш астаушада орналастыруға болатын сынаманың салмағын көбейту мақсатында ұнтақтауды қамтиды:

- түйнектер, түбіржемістер, жемістер, тағамдық көк, ет, балық ж.т.б. ағынды сумен жуады, өнімнің жеуге жарамайтын бөлігін жояды, шұжық өнімдерінен, сырдан, кондитерлік өнімдерден қорғау қабықшасын алады, пышақ, еттартқыш ж.т.б. көмегімен ұнтақтайды;
- қатты өнімдер, жарма, бұршақ, макарон, нан өнімдерін пышақ, еттартқыш, үккіш, кофеұнтақтағыш көмегімен ұнтақтайды;
- тұтқыр өнімдерді (қоюлатылған сүт, бал, джем ж.т.б.), қажет болса, дайындалған қоспа көлемін және өнімнің бастапқы салмағын анықтап және бекітіп, тазартылған судың қажетті консистенциясына дейін араластыруға болады.

18.2 Цезий-137 мен стронций-90 өлшеу үшін есептік үлгіні дайындау пайдаланылатын өлшеу әдісіне және пайдаланылатын радиометриялық қондырғының сезімталдығына байланысты.

Алдын ала дайындалған сынаманың нативті сынамаларын өлшеу кезінде таңдалған өлшеуіш астаушада орналастырылады.

Өлшеуіш астаушаларда таңдау тамақ өнімдеріндегі радионуклидтер белсенділігінің рауалы деңгейімен радионуклидтерді өлшеу әдістемесімен анықталады; өлшеуіш астаушалар сипаттамасы пайдаланылатын радиометриялық қондырғылар нұсқаулықтарында келтірілген.

Өлшенетін үлгі салмағын анықтау үшін оны толтыруға дейін және кейін астаушаны өлшейді.

18.3 Өлшеу әдістерін зерттеу кезінде қолданылатын сезімталдықты көбейту қажет жағдайда белгіленген тәртіпте бекітілген термиялық концентрациялау немесе ішінара, немесе анықталатын радионуклидтің толық радиохимиялық бөліну әдістерін пайдалануға болады.

19 Радионуклидтердің белсенділігін өлшеу

19.1 Цезий-137 өлшеу кезінде радиометриялық қондырғы ретінде қорғасын қорғауда детекторлау блогымен ("ПРОГРЕСС-Г", СКС-99 "СПУТНИК-Г") сцинтилляциялық және жартылай өткізгіш гамма-спектрометрлерді пайдалану ұсынылады. Шығарылған отандық және шетелдік гамма-спектрометрлер сезімталдығына сүйеніп (ең төмен өлшенетін белсенділік 3-10 Бк), тамақ өнімдерінде цезий-137ні өлшеу кезінде олардың белгіленген нормативтерге сәйкестігін анықтау мақсатында нативті сынамаларды өлшеу әдісін пайдаланған дұрыс.

19.2 Осы стандартпен белгіленген талданатын орташа сынаманың салмағы (көлемі) стандартты геометрияда өлшеу кезінде – көлемі 0,5-1,0 л Маринелли ыдысы алынған нәтижелердің қолайлы қателігін қамтамасыз етеді. Концентраттар мен құрғақ өнімдер (құрғақ сүт, құрғақ жемістер, жемістер, жидектер, саңырауқұлақтар, шай, балық ж.т.б.)

және 130 Бк/кг көп белсенділіктің рауалы деңгейінің рауалы мәнімен қымбат өнімдер үшін (дәмқосарлар, кофе, қымбат балық, уылдырық және т.б.) Маринели ыдысында 0,5 л және Петри ыдыстарында өлшеуге болады.

